

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

3. Дао дэ Цзин. Книга о пути и добродетели / [пер., предисл., коммент.: Ян Хиншуна; пер. и коммент. Л.Д. Позднеевой]. – Москва: АСТ, 2016. – 380 с.
4. Feng Huiyun Chinese strategic culture and foreign policy decision-making. Confucianism, leadership and war. New York, Taylor & Francis e-Library, 2007.
5. Внешняя политика государства Цин в XVII веке/ Под ред. Думана Л.И. М., 1972 С. 45.
6. Внешняя политика государства Цин в XVII веке / Под ред. Думана Л.И. С. 61.
7. Малявин В. В. Гибель древней империи / В. В. Малявин ; отв. ред. М. В. Крюков. – Москва : Наука ; Главная редакция восточной литературы, 1963. – 225 с.

ӘОЖ 316.6

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК КОНЦЕПЦИЯЛАР («Нпо ұрпағы», «Чосон тозағы»)

Тәңірбергенова Айғаным Қанышқызы

aiganymtanirbergenova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.М. Ильясова

Қазіргі уақытта Оңтүстік Кореяның әлеуметтік-экономикалық құрылымы модернизация мен жаһандану процестеріне байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Бұл процестер корей қоғамының бүгінгі реалияларын көрсететін жаңа әлеуметтік концепциялардың пайда болуына әкелді. Корейлердің алдында тұрған белгілі бір әлеуметтік құбылыстар мен мәселелерді білдіретін «Нпо ұрпағы» және «Чосон тозағы» ұғымдары соңғы кездері әлемде ерекше қызығушылық тудырады. Бұл жұмыста Оңтүстік Кореядағы жаңа әлеуметтік ұғымдардың қалай қалыптасқаны және олардың қазіргі корей қоғамына қалай әсер ететігі қарастырылады.

1945 жылы жапондық отаршылдық үстемдігінен босатылып, 1950-1953 жылдардағы жойқын корей соғысынан кейін Оңтүстік Кореяда қарқынды модернизация және жаһандану кезеңі басталады. Бұл құбылыстың әсерінен пайда болған әлеуметтік трансформация процесі Оңтүстік Кореяны толықтай өзгертіп, корей халқының әлемге деген үйреншікті көзқарастарын қайта қарастыруына әкелді. Бұрын дәстүрлі, конфуцийшілдік іліміне сай құндылықтарды сақтау әлеуметтік байланыстардың тұрақтылығының негізі ретінде қарастырылса, әр адам өзі үшін өмір сүретін жаңа индивидуалистік және капиталистік әлемде жағдай мүлдем басқаша болды. Осыған байланысты корей қоғамында жаңа әлеуметтік концепциялар пайда бола бастады.

Бұрын отбасы адамдардың өмірін ұйымдастырып, әлеуметтік құрылымдағы негізгі концепт болып есептелді. Бірақ, соңғы онжылдықтарда дамыған елдерде туу деңгейі төмендеп, тіпті алмасу деңгейінен де төмен санға жетті. Алмасу деңгейі дегеніміз - халықтың ұрпақтар бойына популяцияны тұрақтандыру үшін қажет туу саны. Бұл елдің популяциясы өз санын азды-көпті өзгеріссіз сақтайтын туу көрсеткішін білдіреді. Дамыған елдерде халықтың алмасу деңгейі бірқалыпты болу үшін, бір әйел орта есеппен 2,1 бала тууы керек. [1] Бүгінгі заманда болып жатқан осындай алмасу деңгейінің төмендеу тенденциясы сан алуан үкіметтердің және халықаралық ұйымдардың назарын аударуда. Корея Республикасы да бұл мәселені бастан кешіп жатыр.

2023 жылы Оңтүстік Кореяның туу коэффициенті ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш 1,59 болып табылатын көрсеткіштің жартысынан аз 0,72 құрап жаңа тарихи минимумға жетті. Оңтүстік Кореядағы туу коэффициенті Жапония мен Қытай сияқты көршілес мемлекеттерден артта қалып, бұл Кореяны ЭЫДҰ-дағы, сондай-ақ, бүкіл әлемдегі туу коэффициенті ең төмен елге айналдырды. [2] Бұл құбылыстың себебі – некені кейінге қалдыру және тіпті одан бас тарту үрдісі.

2022 жылы Корея Республикасындағы ең көп неке 30 бен 34 жас аралығындағы әйелдер арасында тіркелді. Бұл бір мың әйелге 41,3 неке. Елдегі некеге тұру саны азайып, ал бірінші рет некеге тұру жасы, керісінше, өсіп келе жатыр. [3] 2022 жылы Кореядағы әйелдер орта есеппен 31,26 жаста, ал ерлер 33,72 жаста неке қиды [4].

Корея Республикасындағы туу коэффициентінің төмендігі – алаңдаушылық тудыратын өте төмен көрсеткіш. Көптеген зерттеушілердің ойы бойынша, туу коэффициентінің күрт төмендеуінің негізгі факторы – корей жастарының экономикалық жағдайының нашарлауы болып табылады. Қазіргі Оңтүстік Корея әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықпен сипатталады. Бұл әсіресе жас буынның арасында байқалады. Кореядағы осы жастар тобының қазіргі жағдайын сипаттау үшін «Сампо», кейін «Опо», бұдан әрі қарай «Шиппо» және «Нпо ұрпағы» [5] деп аталатын ұғымдар пайда бола бастады.

«Сампо ұрпағы» немесе «Үш бас тарту ұрпағы» деп аударылатын әлеуметтік құбылыс Оңтүстік Кореяда алғаш рет пайда болып, өмірдің негізгі үш аспектісі – романтикалық қарым-қатынас, неке және балалы болудан саналы түрде бас тартатын жастарды сипаттайды. «Сам» үш санын білдіріп, «по» сөзі бас тарту дегенді білдіреді. Оңтүстік Кореядағы отбасы құру әдетте үлкен қаржылық шығындармен бірге жүреді. Соның ішінде үйлену тойы мен басқа мерекелер, сыйлықтар және үйлену тойынан кейінгі өмір сүру құны. Сонымен қатар, бала туу және тәрбиелеу өте көп қаржылық ресурстар мен міндеттемелерді талап етіп, бұл өз кезегінде жастарға қосымша қиындықтар тудырады. Бұл ұғым корей жас буынының алдында тұрған күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жауап ретінде пайда болды. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, төмен жалақы және тұрғын үй бағаларының жоғарылауы сияқты факторлардың барлығы жастардың өз болашағына сенімсіз болып, отбасын құруды кейінге қалдыруына немесе бұдан мүлдем бас тартуға әкелді.

Уақыт өте келе «Сампо ұрпағы» концепциясы «Опо ұрпағына» дейін кеңейеді. «Опо ұрпағы» өмірдегі бес аспектілерден бас тартатын корей жастарын сипаттау үшін қолданылады. Жоғарыда аталған үш аспектілерге жұмысқа орналасу және жеке тұрғын үй сатып алу қосылады. «Опо ұрпағынан» кейін «Чильпо ұрпағы» пайда болды. Бұл өмірдегі жеті нәрседен бас тартуды білдіріп, денсаулық пен адамның сыртқы келбетін қоса қамтиды. «Купо ұрпағы» немесе тоғыз аспектіден бас тартатын ұрпақ тұлғааралық қатынас пен үмітті бұл тізімге қосады. Ал соңғы «Шиппо ұрпағы», яғни 10 нәрседен бас тартатын ұрпақ, соңғы аспектіден – «өмірден» бас тартады [6]. Бұл концепцияларды біріктіретін тұжырымдама ретінде соңғы кездері «Нпо ұрпағы» деген термин қолданылуда.

Бұрын білімділік және еңбекқорлық сияқты қасиеттер әлеуметтік өсудің кепілі ретінде қарастырылып, адамдар бұл қасиеттердің арқасында өздеріне лайықты өмір қамтамасыз ете алды. Бірақ қазіргі заманда жастар жаһандану және модернизацияның әсерінен туындаған қиындықтарға тап болып отыр. Осыған байланысты корей жастары Корея Республикасына жаңа атау берді – «Чосон тозағы».

«Хелл Чосон» немесе «Чосон тозағы» – екі сөз: «хелл» - ағылшын тілінен аударғанда «тозақ» және «Чосон» – Кореяның бұрынғы атауының қосындысынан пайда болған сөз тіркесі [7]. Ол сонымен қатар, адамда барлық қажетті қасиеттер мен қабілеттер болса да, сәтті нәтижеге сенімділік болмауының кесірінен пайда болатын өмірге деген үмітсіздік сезімін білдіреді. Корей жас буынының ойы бойынша, егер де олардың ата-аналарында білім алу және табандылық таныту арқылы байлық пен жетістікке жетуге және лайықты өмір сүруге мүмкіндік болғанымен, қазіргі кезде бақытты өмір сүру тек адамның отбасының әлеуметтік жағдайына ғана байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыс пен корей соғысының нәтижесінде корей халқы шамамен бірдей жағдайда өмір сүрді. Бірақ, тоқсаныншы жылдардың соңындағы қаржылық дағдарыстан кейін Корея Республикасының халқы арасындағы теңсіздіктің өсуі ерекше байқала бастады. 2020 жылғы ақпарат бойынша, Оңтүстік Кореядағы ең бай адамдардың 10%-ы жалпы ұлттық кірістің 32% үлесін алады. Өз кезегінде, халықтың шамамен 40%-ын құрайтын орта тап ұлттық табыстың

45%-ын алып жатыр. Ал қоғамның ең аз қамтылған топтарын құрайтын халық жалпы ұлттық кірістің тек 22% үлесін ғана алады [8]. Бұл көрсеткіш елдегі байлар мен кедейлер табысының айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді.

Көбірек табыс алатын адамдар өмірдің барлық салаларында көптеген артықшылықтарға ие. Білім беру саласын қарастырсақ, олардың ең жақсы мектептер мен қымбат университеттерде оқуға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, олар ең мықты репетиторларға қол жеткізе алатындықтан, бұл олардың беделді университеттерге түсіп, сапалы білім алу мүмкіндігін арттырады. Еңбек саласында да байлардың артықшылықтары аз емес. Сапалы жоғары білім және отбасының әлеуметтік жағдайлары оларға жақсы жалақы төленетін компаниялар мен корпорацияларға жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Өздері сияқты бай және ықпалды тұлғалардан тұратын олардың отбасыларының байланыс желісі де қарапайым адамдар қол жеткізе алмайтын мансаптық мүмкіндіктер мен артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жастардың ойы бойынша, қазіргі корей қоғамы Чосон әулеті кезінде болған әлеуметтік тәртіпке ұқсайды. Себебі, өзінің дәрежелік қоғамымен танымал болған Чосонда халық әртүрлі таптарға бөлінді. Әлеуметтік иерархияның төбесінде болған тап «янбандар», ал әлеуметтік баспалдақтың ең төменгі сатысында орналасқан тап «чонминдер» деп аталды. [9] Корей жастары Чосон әулетінің бұл қалдықтары бүгінгі қоғамда таптық мәдениет түрінде әлі де бар екеніне сенімді. Екінші дүниежүзілік соғыс пен корей соғысы дәстүрлі таптық мүдделердің материалдық қалдықтарын жоюға көмектескенімен, олар ескі әлеуметтік құрылымның орнын басатын қазіргі заманға сай альтернативасын ұсынған жоқ. Сол себептен, қазіргі кезде Оңтүстік Кореяда әлеуметтік иерархия мәселесі өте өзекті болып табылады. Мұрагерлік жолмен берілетін байлықтың әділетсіздігі және бұл мәселені шешуде саяси жүйенің тиімсіздігі қоғамның наразылығын тудырады. Орын алған құбылыс ұрпақтан-ұрпаққа таралатын байлық пен артықшылықтардың әлеуметтік ұтқырлыққа кедергі келтіретін жағдайға, сонымен қатар, «Чосон тозағы» концепциясының нығаюына әкелуі мүмкін.

Жастар «Чосон тозағы» концепциясын әртүрлі сипаттайды. «Чосон тозағы» – бұл әлеуметтік және экономикалық әділетсіздік. Бұл гендерлік стереотиптер мен жынысқа байланысты теңсіздік белең алған қоғам. Бұл шамадан тыс жұмыс жасауға және эмоционалды күйзеліске әкелетін проблемалы корей еңбек мәдениеті. Бұл одан әрі модернизациялануды, жаһандануды және экономикалық дамуды қажет ететін аяқталмаған даму процесі. Жастардың «Чосон тозағы» ұғымын түсіндірудегі айтарлықтай айырмашылықтарына қарамастан, бұл ұғым қазіргі Кореяда орын алған тоқырау сезімін білдіреді. Бұл «Чосон тозағын» толығырақ зерттеуді қажет ететін, қиын әрі күрделі құбылыс етеді. [10]

«Чосон тозағы» сөз тіркесін қолдану корей жастарының өздері өмір сүріп жатқан әлеуметтік және экономикалық жағдайлардан жалығуын көрсетеді. Бұндай мәселенің түбінде білім беру саласынан бастап жұмысқа орналасуға дейінгі өмірдің барлық аспектілеріндегі күшті бәсекелестік жатыр. Корея Республикасындағы білім беру саласы өте көп ақша талап ететіндіктен көптеген отбасылар өз табысының көп бөлігін балаларын оқытуға жұмсайды. Бұл олардың балаларына мықты университеттерге түсіп, жұмысқа орналасуына және бақытты болашақты қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді деп үміттенеді. Бірақ оқуды бітіріп болған соң жастар жұмысқа орналасу барысында қиындықтарға тап болып, көбінесе төмен жалақыға жұмыс істеуге мәжбүр болады. Мұның бәрі корей жастарының некеге тұру, балалы болу және жұмысқа орналасу сияқты дәстүрлі әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды кейінге қалдырып, кейде олардан мүлде бас тартуына әкеледі. Бұл тұрғыдан алғанда, «Nпо ұрпағы» ұғымының өте өзекті екеніне көз жеткізуімізге болады. Дегенмен, «Чосон тозағын» Оңтүстік Кореяның түпкілікті сипаттамасы ретінде қарастыру қате болады. Бұл ұғым Кореяны анықтайтын көптеген түсіндірімелердің бірі ғана. Сондықтан, негізгі мәселе Корея Республикасының «Чосон тозағы» сипаттамасына қаншалықты сәйкес келетіндігінде емес, неге Корей жастары осындай қорытындыға келгенінде және онымен күресуде «Nпо ұрпағы» жолын таңдағанында.

Қорытындылай келгенде, «Nпо ұрпағы» мен «Чосон тозағы» сияқты жаңа әлеуметтік концепциялардың пайда болуы Оңтүстік Кореядағы әлеуметтік және экономикалық мәселелердің символына және жас ұрпақтың қиын экономикалық жағдайларға қалай жауап бере алатынының үлгісіне айналды. Әлемнің көптеген елдерінде жастар осындай әлеуметтік-экономикалық проблемаларға тап болып, отбасы құру мен балалы болуды не кейінге қалдырып, не бұдан мүлде бас тартады. Бұл құбылыс туу көрсеткішінің төмендеуі мен халықтың қартаюына әкеліп, елдерде елеулі мәселелерді тудырады. Бұл жас ұрпақтың өмір сүру жағдайларын жақсарту және жастардың болашағын ойластыруға мүмкіндік беретін қоғам құру үшін одан әрі күш салу қажет екенін еске салады. Сондай-ақ, «Nпо ұрпағы» мен «Чосон тозағы» концепциялары жас буынның қиындықтары мен үміттері туралы әлеуметтік зерттеулер мен пікірталастарды жалғастырудың маңыздылығын атап өтеді. Бұл жастардың осы қиындықтарды жеңуге және қоғамның толыққанды мүшесі болуға көмектесетін тиімді стратегиялар мен саясаттарды әзірлеу үшін олардың тәжірибелерін, қорқыныштары мен үміттерін терең түсіну қажеттілігін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. J Craig. Replacement level fertility and future population growth. 1994. 20-22 бб. (Есепке алынған күні: 12.02.2024).
2. Kim Jaewon. South Korea's fertility rate hits new low; remains last in OECD. 2023
3. <https://asia.nikkei.com/Spotlight/Society/South-Korea-s-fertility-rate-hits-new-low-remains-last-in-OECD> (Есепке алынған күні: 12.02.2024).
4. L. Yoon. Marriage rate of South Korean women 2022, by age group. 2023 <https://www.statista.com/statistics/1327269/south-korea-marriage-rate-women-by-age/> (Есепке алынған күні: 14.02.2024).
5. L. Yoon. Median age at first marriage South Korea 1990-2022, by gender. 2024 <https://www.statista.com/statistics/1112935/south-korea-median-age-at-first-marriage-by-gender/> (Есепке алынған күні: 15.03.2024).
6. 박채림 한창근 사회 신뢰가 청년의 우울에 미치는 영향: 성별 차이를 중심으로 2023. 141-142 бб. (Есепке алынған күні: 15.02.2024).
7. 한국청소년정책연구원 후기청소년 지원정책의 과제와 방향 2020. 36 б. (Есепке алынған күні: 15.02.2024).
8. 나무위키 헬조선 <https://namu.wiki/w/%ED%97%AC%EC%A1%B0%EC%84%A0> (Есепке алынған күні: 15.02.2024).
9. World Inequality Database. WHAT'S NEW ABOUT INEQUALITY IN EAST ASIA IN 2023? 2023 <https://wid.world/news-article/2023-wid-update-east-asia/> (Есепке алынған күні: 21.03.2024).
10. 메가스터디. 국사개념완성 2010. 140-142 бб. (Есепке алынған күні: 21.03.2024).
11. Johan Cornelis Schoonhoven. 'Hell Joseon' - Tales from a South Korean Youth Trapped Between Past and Present. 2017. 21-23 б. (Есепке алынған күні: 22.03.2024).

УДК 342

ЖЕНСКИЕ ПРАВА В ЮЖНОЙ КОРЕЕ И В СОСЕДНИХ СТРАНАХ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Тулегенова Аружан Кикбайқызы,
aa6631563@gmail.com

Студентка факультета международных отношений